

алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және оқушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Оқыту тәрбие берудің мақсаттарын, ұстамдарын меңгерту және өз бетімен оқу білім алуы арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Ол нәтиже сапалы болса, білім сапасы артады. Өз деңгейі арқылы нәтижеге жетеді. Білу қабілетін арттырады және олимпиадаға, байқауларға қатысады. Сонымен қатар математика пәніне оқушының қызығушылығын арттырып, түрлендіре жүргізсе, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Ол мұғалімнің пәнге сүйіспеншілігі мен қажырлы еңбегі арқасында жүзеге асатыны хақ. Жаңа әдістерді әр сабақта шеберлікпен қолдана білу пәнді оқытудың сапасын арттыратынына сенімім мол.

Сабақтың тиімді жағының бірі – ол заман талабына сай сабақты электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны пайдалана отырып жүргізу. Тіл үйренушіге мәтінді электронды оқу құралдарынан компьютер көмегімен тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, мәтін негізінде бірнеше грамматикалық тапсырмалар орындауға мүмкіндік беруге болады. Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген болса, яғни бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі. Ұсынылған сабақ жоспары тиімді, кезеңдері байланыстырыла, түрлі тапсырмалармен толық түрде ұсынған жөн. Егер әр сабақты мұғалім аталған сабақтай жоспарлап, мүмкіншіліктерді, жаңа технологияларды толық пайдаланып жүргізсе, мемлекеттік тілді меңгерген азаматтар санының өсері сөзсіз. Мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеп, соңғы дамыған заманауи әдіс – тәсілдерді қолдана отырып еңбек етсе, өз білімін жетілдіріп, әрдайым ізденіс үстінде болса елімізде саналы, білімді жастар көбейіп, олардан болашақта біліммен қаруланған жақсы азаматтар шығады деп айтар едім.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Білім алушылардың функционалды сапаттылық құзыреттілігін қалыптастыруда олардың назарын аудару үшін сабақ үдерісінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесіндегі оқытудың белсенді тәсілдерін түрлендіре қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізе алады. Сонымен ойымды қорыта келе, білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру үшін жасалып жатқан әрбір бастама жарқын болашаққа бастаған игі бастама деп білемін. Демек, жаңартылған білім бағдарламасы – болашақтың кілті. Ал болашақ - ол біздің ұрпағымыз. Білімді ұрпақ – мәңгілік елдің ұланы.

Әдебиеттер:

1. Тайм-менеджмент бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана.2015ж
2. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар. Астана 2015ж
3. Оқу-әдістемелік құрал. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау. Астана.2015ж
4. Мектеп оқушыларының функционалды сапаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым.
5. Бокижанова, Ғ.К. Оқытудың белсенді әдістемесін пайдаланудың тиімді жолдары.- Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал/ Білім көкжиегі: ҚР МАМ.- Алматы, 2014.- №12.-76.

Искакова А.С., Амирбекова М.Р.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДА «ДҮНИЕТАНУ» ПӘНІНІҢ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін дамытуда дүниетану пәні мазмұны қарастырылып, пәннің ерекшеліктері айтылған. Бастауыш сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтарына қосымша мақсаты Блум таксономиясы бойынша анықталған сабақтың технологиялық картасы талданған.

Кілт сөздер: танымдық белсенділік, дүниетану пәні, Блум таксономиясы, сабақтың технологиялық картасы.

Жастардың ақыл-ойын барынша дамыту, дүниежүзілік ғылыммен техниканы, өндірістік технологияны меңгеру үшін білім беру жүйесін неғұрлым тиімді, ғылыми негізде құру білім беру ісіндегі негізгі міндет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламаларында мазмұндалғандай, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағыталу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Ол жөнінде аталған заңның білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде: "... жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту" — деп нақтылаған [1].

Оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда жеке пәндердің рөлі ерекше.

«Дүниетану» пәнін оқытудың негізгі мақсаты - қоршаған ортаға бірыңғай көзқарасты қалыптастыру және ондағы адамның рөлі мен орнын түсінуге көмектесу. Пән құрылысы бір-біріне сабақтас блоктардан тұрады, ол: адам, табиғат, қоғам. Қоршаған дүниенің негізгі бөлігі ретінде «Адамның» іс-әрекеті жайында білім берудегі мақсат - оқушыларға дүниенің біртұтастығын меңгерту барысында адамға дүниенің құрамдас бөлігі, табиғат перзенті ретінде қарау. Сонымен қатар адамның табиғатты өзгертудегі тиімді және тиімсіз әрекеттерін ұғындыру. Табиғаттың бір бөлігі бола тұра оның табиғаттағы, қоғамдағы орнының ерекшелігін айқын көрсету.

«Дүниетану» пәнінің тағы бір ерекшелігі - бұл пән мазмұны қазіргі заманғы ғылыми білімнің, мәдениеттің әртүрлі салаларынан (қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары, экономика, этика, эстетика, құқық, өнер т. б.) хабардар ету негізінде дүниені танып білу әдістерімен (бақылау, тәжірибе, эксперимент, модельдеу, талдау, синтез, салыстыру т.б.) оқушыны қаруландыру арқылы оның ортамен сауатты қарым-қатынасын жан-жақты дамытып, тәрбиелеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Дүниетану» пәнінің тағы бір ерекшелігі-пән мазмұны білім алушыны дүниетану әдістерімен (бақылау, тәжірибе, эксперимент, модельдеу, талдау, синтез, салыстыру және т.б.) қаруландырып, қоршаған ортамен құзыретті қарым-қатынасты жан-жақты дамыту (әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары, экономика, этика, эстетика, құқық, өнер және т. б.) және оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Дүниетану сабақтарының тағы бір басты ерекшелігі -оқушылар зейіні мен есінің тұрақтануына, оның көлемінің кеңеюіне назар аударып отырудың керектігінде.

Бастауыш мектепте дүниетану сабақтарында ғылыми тұжырымдама сабақ барысында да, сабақтан тыс қызметте де жалғасады. Оқушылардың білімін зерттеу барысында алған білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын анықтау, сондай-ақ олардың түсініктерін практикалық қолдану мақсатында, сонымен қатар, олардың өз бетінше орындау үшін ұсынылатын түрлі тапсырмаларды, проблемалық мәселелерді, практикалық жұмыстарды орындау қабілеті байқалады.

Сабақ үстінде оқушылардың ойлау қабілетін дамыту олардың жалпы дамуына жағдай жасайды. Сондықтан «Дүниетану» сабақтарында «осылай істе» дегеннен гөрі, «қалай істесек, дұрыс болатынын байқайық», немесе «байқап, айырмашылығы мен ұқсастығын табайық» деген тұрғыда бағыт беріледі. Кейде «қалай ойлайсың, неге бұлай» деген сияқты да меңзеулерде қолданылады. Дүниетанудың әр сабағында оқушыларды дамытуға мүмкіндік бар, индукциялық, дедукциялық ой қорытулар жүйелі түрде іске асады[2].

Оқу әрекеті үстінде оқушылардың танымы қатаптасады. Философтар «таным - танымдықтың бейнесі», - дейді[3]. Таным барысында оқушылардың қисынды ойына мүмкіндік туады. Дүниетану сабақтарында оқушылардың қисынды ойын дамытуға мол мүмкіндік бар. Мысал, бақылау дағдылары шындалады, байқағандарын қорытындылап, іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыру, шығармашылық әрекеттеріне жол ашу, бақылау мүмкіндіктерін, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға, тапсырмалар мен сұрақтарды орындау арқылы ой-пікірлер талқылау т.б.

Танымдық іс-әрекет оқуға деген қызығушылықпен сүйемелденеді. Оқумен қатар ол оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру көзі болып табылады. Дүниетану пәні оқушылардың субъект ретінде танымдық белсенділігін дамыту үшін көптеген мүмкіндіктерге ие. Оқу барысында оқушылардың оқу іс-әрекеті танымдық іс-әрекет қызығушылық танытқанда ғана жандандырылады.

«Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкір жанына нұр құя алады» [4] дейді алаштың алғашқы ұстаздарының бірі А.Байтұрсынов. Осы тұрғыдан келгенде, бастауыш сынып оқушыларын білімге баулуда бұрынғы дәуірлердегі бабалар сөздері мен бүгінгі заманғы жаңа технология жетістіктерін ұштастырып, уақыт ағымын салыстып қарап, «дәстүр жалғастығы», «ұрпақтар сабақтастығы» дейтін ұғымдарды санамызға сіңіру қажет. Оқушыларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін білікті мамандар ұсыну маңызды.

Осы міндетті жүзеге асыру және еліміздегі білім беру жүйесіне жан-жақты қолдау көрсету бастауыш сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтарына қосымша тақырып пен сабақтың құрамдас бөліктерін толық қамтитын дайын сабақ әзірлемелері құрастырылуда. Соның бірі Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен білім бағдарламасына сәйкес 2-сынып «Дүниетану» пәнінен оқу-әдістемелік кешенін Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогикалық факультеті бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессорлық-оқытушы құрамы құрастырған (Абильдина С.К., Шаушекова Б.К., т. б. Дүниетану: Жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған. Мұғалімнің жұмыс дәптері / С.К. Абильдина, Б.К. Шаушекова, А.М. Бейсенбаева, Г.К. Бапанова. – Астана: «Самғай біл» ЖШС, 2013. – 212 бет.).

Кешеннің құрамына «Мұғалімнің жұмыс дәптері», «Оқушының жұмыс дәптері» және өтілетін тақырып мазмұнына сәйкес мультимедиялық көрсетілімдер мен тесттердің электрондық нұсқасы кіреді (1-сурет).



1-сурет. Мұғалімнің және оқушының жұмыс дәптерлері

«Мұғалімнің жұмыс дәптерінде» сабақ мақсаты Блум таксономиясы бойынша анықталған. Сабақ құрылымы дәстүрлі сабақтардан өзгеше. Мұндай сабақ жоспары сабақтың технологиялық картасы деп аталады (СТК). Ұсынылып отырған «Дүниетану» (2 сынып) пәні бойынша құрылған сабақтың технологиялық картасы балалардың бастауыш сыныптарда оқылатын негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдетуді, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, балаларды ізденімпаздыққа және өзінің даму деңгейіне сенімді болуға тәрбиелейді, өз құрдастары арасындағы ұжымдық қарым-қатынасы дамиды, саналы түрде білім алуын және өзін-өзі бақылай білуін қалыптастырады.

Нақты нәтижеге бағытталған білім беруді көздейтін әзірleme Блум таксономиясы негізінде, ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктерді ескере отырып жасалған. Сабақ кезеңдері бірнеше блоктардан тұрады:

I. Ақпарат блогы (жаңа сабақты түсіндіру) – біртұтас педагогикалық үдерістің жаңа тақырыпты түсіндіруге бағытталған теориялық-ақпараттық бөлігі. «Ақпарат блогының» мазмұны оқулықтан тыс басқа да қосымша дереккөздермен (ғылыми-танымдық әдебиеттер, электрондық қор) толықтырылған. Мультимедиялық көрсетілімдердегі аудио-видео материалдар оқушыға аз уақыт ішінде көп мәліметті меңгеруге мүмкіндік береді.

II. Логикалық тапсырмалар блогы (жаңа сабақты бекіту) сабақ жоспарына сәйкес жүргізіледі. Мұнда оқушы берілген ақпараттың мазмұнына өз түсінігі бойынша түйін жасайды, тапсырманы орындай отырып тақырып бойынша қорытынды шығарып теориялық білімін бекітеді.

III. Жаттықтыру және білімді есепке алу блогы аясында өз мүмкіндігіне қарай деңгейлік тапсырмалар орындалады. I-деңгей 5-8 тапсырмадан (3 балл), II-деңгей 1-2 тапсырмадан (4 балл)

және III-деңгей 1 тапсырмадан (5балл) тұрады. Оқушы білімі мұғаліммен сабақ үстінде бағаланып, әр деңгейдің тиісті бағасы «Мұғалімнің жұмыс дәптері» сонында берілген журналға қойылады. Электронды пошта арқылы келіп түскен үй тапсырмасы-бонус балл да тиісті кестеге толтырылып, қорытынды баға шығарылады.

IV. Интеллектуалдық тренинг блогыоқушылардың топтық жұмыс істеп, тапсырма бойынша ұжымдық қорытынды шығаруға атсалысу мақсатын орындайды. Оқушының топта белсенді жұмыс жасау, ұжым мүшесі ретінде өзінің жауапкершілігін сезіну тәрізді ұжымдық жұмыс дағдылары дамиды. Топқа берілген тақырыпты ауызша, жазбаша қорғау, сурет салу, жоба жасау, пікір-сайысқа түсу әдіс-тәсілдерін оқушылардың кенінен қолдануына мүмкіндік беріледі.

V. Күтілетін нәтиже блогыоқушылардың логикалық ойлауын, ой қорыта білу дағдыларын қалыптастырып, берілген мақсатқа жету, «сәттілік сәтіне» ұмтылу іскерліктерін дамытады.

Ұсынылып отырған СТК білім беру стандартында көрсетілген құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жаңа әдістемелік құрал. Онда стандартта көрсетілген ақпараттық, қарым-қатынастық, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік құзіреттіліктер, өз бетімен ой тұжырымдау, қорытынды шығару, салыстыру, талдау, жинақтау, жүйелеу, жіктеу, шығармашылық тұрғыдан ойлауға үйрету қамтылған [5].

Ұсынылып отырған «Дүниетану» (2 сынып) пәні бойынша құрылған СТКтанымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, балаларды ізденімпаздыққа және өзінің даму деңгейіне сенімді болуға тәрбиелейді, өз құрдастары арасындағы ұжымдық қарым-қатынасы дамиды, саналы түрде білім алуын және өзін-өзі бақылай білуін қалыптастырады.

Оқу құралына енген қосымша дидактикалық, дыбыстық-бейне материалдардың мазмұны терең, тақырыпқа сай іріктеліп алынып, сабақтың білімділік мағынасы ақпараттық технологиямен толықтырылған. Әр тақырыптың мазмұнына мұғалім үніле қарасы сабақта берілген қызықты логикалық тапсырмалар түрлі тәсілдер арқылы пайымдауға, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, талдау, жинақтау, салыстыр, жүйелеу, жіктеу, өз бетімен шешім қабылдауға және қорытынды жасауға үйретеді. Мұғалімнің басшылық формасы үнемі өзгеріп отырады. Ол оқушыларды бағдарлау, үлгілі тапсырмаларды көрсету, оларды өз бетінше жұмысқа жіберу, шығармашылық қызметке тарту сияқты іс-әрекеттерді орындайды. Логикалық құрылымға, сабақтың басталуы мен аяқталуының дәйектілігіне, тәрбие, даму мақсаттарына байланысты әрбір сабақ келесі сабақтың басынан басталады және келесі сабақ оны жалғастыра отырып, білім берудің жаңа және жоғары деңгейіне көтеріледі. Сонымен қатар, бір сабақтың мазмұны бұрын алынған білім мен болашақта алатын жаңа тұжырымдаманың компоненттерінен құралады.

«Дүниетану» (2 сынып) пәні бойынша құрылған сабақтың технологиялық картасының басты міндеті – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету, оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Сонымен қатар мұғалім оқушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ізденісін ұйымдастыру, білімді игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын арттырып, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылықтарын дамыту және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын таңдай білуі керек.

Дәстүрлі сабақты жоспарлауда білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттары болса, Блум таксономиясы бойынша категориялары алты кезеңнен тұрады (1-кесте).

1-кесте. Блум таксономиясы бойынша танымдық деңгейлер.

Категория	Мазмұны
Білім	Деректерді не ақпаратты еске түсіру
Түсінік	Мағынаны, мәліметті бір өлшем бірлігінен екіншісіне аударуды, нұсқаулар мен проблемалар түсіндірмесін ұғу. Проблеманы өз сөзімен сипаттау.
Қолданыс	Ұғымды жаңа жағдайда пайдалану немесе абстракцияны еш жәрдемсіз қолдану. Сыныпта үйренгенді бейтаныс жағдайға байланысты қолдану.
Анализ	Заттық нәрсенің немесе идеяның құрылымы түсінікті болу үшін оларды бөлшектеп қарастыру. Фактілерді ой тұжырымдардан айырып тану.
Синтез	Құрылымды немесе үлгіні алуан түрлі элементтерден жасау. Құрамдас бөліктерді біріктіріп жаңа мағынаны немесе құрылымды шығаруға баса назар аудару.
Баға	Идеялардың немесе заттық нәрселердің құндылығы жайлы пікір қалыптастыру.

Блумның бұл таксономиясы танымдық үрдісті ең қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 деңгейге жіктейтіндігін ескере отырып, қарапайым деңгейге есте сақтау, түсініп білу, еске түсіру, ал одан кейін түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөзімен жеткізе алумен жалғасады. Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты алдыңғыға қарағанда күрделі әрекетке ұласады. Қарама-қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру оқушының білімін дамытудағы ойлаудың жоғары деңгейінде жүретін жұмыстар. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы, танымдық белсенділігі шыңдалады [6].

Блум таксономиясы негізіндегі жүйе оқушылардың өз беттерімен зерттеу, іздену қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, олардың дарын, қабілеттерінің жетілуіне ықпал етеді, таным белсенділіктерін арттырады.

Мектептің оқу үрдісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, өзін-өзі тану қабілеттерін дамытуда оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда, пәндерді оқытуда тәрбиелік, дамытушылық міндеттерді жүзеге асыруда сабақта әртүрлі әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін «Дүниетану» пәні мен сабақтары жетекші рөлдердің бірін атқарады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
2. Ергалиева Л. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары // Молодой ученый. - 2015. - №8.2. - С. 23-25. - URL <https://moluch.ru/archive/88/17451/>
3. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту - өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2, 2021 ж., Б. 66-67.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Санат, 2021.
5. Абильдина С. К., Шаушекова Б. К., т. б. Дүниетану: Жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған. Мұғалімнің жұмыс дәптері / С. К. Абильдина, Б. К. Шаушекова, А. М. Бейсенбаева, Г. К. Бапанова. – Астана: «Самғай біл» ЖШС, 2013. – 212 бет
6. Кисымова А.К. Блум аймақтары. /Үлестірме материалдарынан/. Астана.- 2011.

Капасова А.Ж.

«Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Бастауыш сыныпта оқытудың мазмұнын жаңарту – қазіргі заманғы білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың бағыттары қарастырылады.

Кілт сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, функция.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілетті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзіреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерінің бірлігінен құралады.